

Кедендік баждарды төлеу мерзімін өзгерту

Қызметті беруші	Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігі Мемлекеттік кірістер комитетінің облыстар, Нұр-Сұлтан, Алматы және Шымкент қалалары бойынша аумақтық органдары
Қызметті алушылар	жеке және заңды тұлғалар
Қызмет көрсету орны	1) "Азаматтарға арналған үкімет" мемлекеттік корпорациясы" КЕ АҚ.
Қызметті көрсету мерзімдері	5 (бес) жұмыс күні
Қызмет құны	тегін
Құжаттар тізбесі	<p>1) Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін негіздемелерін растау қағидаларына 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша өтініш;</p> <p>2) өтінішке кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну және Кодекстің 92-бабы 2-тармағында көрсетілген негіздемелерін растау үшін қажетті құжаттардың тізбесі қоса беріледі: төлеушіге дүлей зілзала, технологиялық апат немесе еңсерілмейтін күштің өзгеде мән-жайлары нәтижесінде залал келтірілген кезде: Табиғи және техногендік сипаттағы төтенше жағдайлардың алдын алу және оларды жою, халыққа шұғыл медициналық және психологиялық көмек көрсету, өрт қауіпсіздігін қамтамасыз ету және Қазақстан Республикасының және оның аумақтық бөлімшелерінің және (немесе) индустрия және индустриялық-инновациялық қызмет салаларында өнеркәсіптік қауіпсіздік және оның аумақтық бөлімшілері бөлігіндегі азаматтық қорғау саласындағы мемлекеттік органдардың аумақтық бөлімшелерінің төтенше жағдайлар туралы жазбаша растауы;</p> <p>шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар; кедендік әкелу баждарын төлеушіге мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеу кідірілген кезде; мемлекеттік бюджеттен қаржыландыру немесе осы тұлға орындаған мемлекеттік тапсырысқа ақы төлеуді кідірту туралы мемлекеттік бюджеттік</p>

бағдарламалардың тиісті әкімшісінің жазбаша растауы;

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар; Қазақстан Республикасының халықаралық шарттары шеңберінде тауарларды жеткізуді жүзеге асыру кезінде;

Қазақстан Республикасының тиісті халықаралық шарттарының расталған көшірмелері; шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар; Еуразиялық экономикалық одаққа мүше мемлекеттердің ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын ұйымдар Еуразиялық экономикалық одақтың кедендік аумағына, көшет немесе себу материалдарын, өсімдіктерді қорғау құралдарын, ауыл шаруашылығы техникасын, асыл тұқымды мал шаруашылығы объектілерін (асыл тұқымды ауыл шаруашылығы жануарларын, құстарды, балықтарды және асыл тұқымды мал шаруашылығының басқа объектілерін), асыл тұқымды өнімді (материалды), жануарларды азықтандыру үшін пайдаланылатын өнімдерді әкелу не оларды көрсетілген ұйымдар үшін жеткізу кезінде;

ауыл шаруашылығы қызметін жүзеге асыратын заңды тұлғаны мемлекеттік тіркеу туралы анықтаманың немесе куәлігінің көшірмесі, көрсетілетін қызметті беруші ақпараттық жүйелерден "электрондық үкімет" шлюзі арқылы алады;

шарт (келісімшарт) және коммерциялық құжаттар. Кодекстің 92-бабы [3-тармағында](#) көрсетілген негіздемелерді растау үшін өтінішке кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыруды немесе бөліп төлеуді ұсыну үшін қажетті құжаттардың тізбесі қоса беріледі:

өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін тауарларды, оның ішінде шикізатты, материалдарды, технологиялық жабдықты, олардың құрауыштарын мен оның қосалқы бөлшектерін әкелу кезінде: шикізаттың, материалдардың, технологиялық жабдықтың, оларды өнеркәсіптік қайта өңдеуде пайдалану үшін құрауыштар мен оның қосалқы бөлшектерін, сондай-ақ коммерциялық құжаттарын жеткізу туралы шарт (келісімшарт); әкелінетін тауарларды шикізат, материалдар, технологиялық жабдық, құрауыштар және оның қосалқы бөлшектері ретінде пайдалана отырып өндірудің технологиялық схемасы (өндірістің фрагменті).

3) кедендік әкелу баждарын бөліп төлеуді ұсынуы кезінде толтырылады кедендік әкелу баждарын бөліп төлеу кезеңінің кестесі.

Қызмет көрсету нәтижесі

Кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуді туралы шешім немесе кедендік әкелу баждарын төлеуді кейінге қалдыру немесе бөліп төлеуге бас тарту туралы шешім

Мемлекеттік қызмет стандарты

көрсетілетін <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1800016603>